

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі № 289 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 1163 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 417 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі № 289 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 14, 128-бап) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мынадай мамандықтар бойынша теңіз флоты, азаматтық авиация және
т е м і р ж о л к ө л і г і :

авиациялық аспаптар слесарь-механигі;

авиациялық қозғалтқыштардың техникалық қамтамасыз етілуін басқару
ж ө н і н д е г і и н ж е н е р ;

авиациялық техниканы жөндеу жөніндегі слесарь;

авиациялық техниканы электромонтаждаушы;

аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдық инженері;

аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдыққа техникалық қызмет
көрсету жөніндегі бақылаушы инженер;

аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдыққа техникалық қызмет
көрсетуді басқару жөніндегі инженер;

ә у е к е м е с і н ің к о м а н д и р і ;

е к і н ш і ұ ш қ ы ш ;

жер үсті жабдығы жөніндегі механик;

жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі инженер;

жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі инженер-супервайзер;

жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі механик;

